

Орал қаласы бойынша 2015 жылы субсидиялауға жататын ішкі су көлігіндегі әлеуметтік мәні бар залалды маршруттардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 1371 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 мамырда № 3912 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 маусымдағы № 1880 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 24.06.2016 № 1880 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын, "Тасымалдаушылардың ішкі су көлігінде әлеуметтік мәні бар жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты залалдарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 6 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1017 қаулысын басшылыққа алып және әлеуметтік мәні бар залалды маршруттарды субсидиялау жөніндегі комиссияның ұсынымы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Орал қаласы бойынша 2015 жылы субсидиялауға жататын ішкі су көлігіндегі әлеуметтік мәні бар залалды маршруттардың тізбесі бекітілсін.

2. Орал қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары – мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы (М. Умралеев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ғ. Ғ. Орынғалиевқа жүктелсін.

Қала әкімі

А. Көлгінов

**Орал қаласы бойынша 2015 жылы субсидиялауға жататын ішкі су
көлігіндегі
әлеуметтік мәні бар залалды маршруттардың тізбесі**

№	Маршруттардың атауы
1	Орал қаласы – "Учужный затон" бау-бақша серіктестігі
2	Орал қаласы – "Барбастау" бау-бақша серіктестігі